

АЛТЫН КӨПІР

Ғылым

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



Абай университетінің Филология институты әлемнің 30-дан астам жетекші университеттерімен ынтымақтастық негізінде академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асырады.

Институт студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Польша, Литва, Эстония, Түркия, Қытай, Ресей және басқа елдерде білім алып, ғылыми тағылымдамадан өтеді. Бүгінгі таңда шығыс филологиясы және аударма кафедрасының 6B01709 «Ағылшын тілін меңгерген шығыс тілі мұғалімі», 6B01718 «Шығыс және ағылшын тілдері мұғалімі», 6B02302 «Аударма ісі» және 7M02302 «Аударма ісі» мамандықтарының студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасымен 1 семестр бойы үздік шетелдік университеттерде білім алуға.

Қазіргі таңда бағдарлама аясында 2 курс 6B01709 «Ағылшын тілін меңгерген шығыс тілі мұғалімі, қытай тілі» мамандығының жеті студенті Қытай Халық Республикасындағы Пекин ұлттық университеті (Пекин) мен үш студент Чжэцзян Юэксиу шет тілдер институтында (Шаосин) академиялық ұтқырлық бойынша білім алса, дәл осы мамандықтың корей бөлімінің үш студенті Намсеул университетінде білім алып жатыр.

Ал 2 курс 6B02302 «Аударма ісі» және 1 курс 6B01718 «Шығыс және ағылшын тілдері мұғалімі (араб/түрік)» мамандығының студенттері Түркия елінде өз білімдерін жетілдіруде. Атап айтқанда, 6B02302 «Аударма ісі» мамандығының алты студенті Газиантеп университетінде (Газиантеп), 6B01718 «Шығыс және ағылшын тілдері мұғалімі, араб тілі» мамандығының төрт студенті Килис 7 Аралық университетінде (Килис) және 6B01718 «Шығыс және ағылшын тілдері мұғалімі, түрік тілі» мамандығының үш студенті Ризе Реджеп Тайип Эрдоган университетінде (Ризе) оқып жатыр. 7M02302 «Аударма ісі» мамандығының 1 курс магистранттары Адам Мицкевич университетінде (Польша) тағылымдамадан өтуде.

Намсеул университетінде білім алып жатқан 2 курс студенті Беқалиқызы Эльвира:

«Шетелде оқу мүмкіндігін білгенде, мен оны бірден пайдалануды шештім. Абай университетінің студенттері басқа елдердің тілі мен мәдениетін үйренудің бірегей мүмкіндігіне ие болды, бұл біздің ой-өрісімізді, академиялық және жеке тәжірибемізді кеңейтуге көмектеседі. Мен осы керемет мүмкіндіктер үшін және арналымды жүзеге асыруға қолдау көрсеткен университетіме ризашылығымды білдіремін», - деді.

Өз тілшімізден

Бүгінгі инновация заманында сан қырлы талантын жалпақ жұртқа желі арқылы танытып, әлеуметтік желіде әлеуеті артып, жұлдызы жанан жандар жетерлік. Көпшілік көзіне айналуға құпиясы жоқ – ерекше қасиетіңді кадрға түсіріп жедел түрде таратсаң болғаны. Дәл осы дәстүрмен бір күнде көптің көңілін жаулап, ерекше дарынымен халық ықыласына бөленген жанның бірі – Абай университетінің студенті Ильяс Исмаилов. Қатардағы білім алушы болып ұбықтап, жұлдыз болып оянған Ильяспен сұхбаттасудың сәті түсті.

–Ильяс, өзің туралы айтып берші. Қай жердің тұрғысысың, мектеп кезіндегі Ильяс қандай бала болды, бойыңдағы талантың кімнен дарыған, кімге еліктеп өстің дегендей?

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕ ТАНЫЛА БАСТАДЫ

–Сәлеметсіз бе? Мен 2004 жылы Өзбекстан Республикасында дүниеге келгенмін. Туған жерге үш жасымда, 2007 жылы көшіп келдім. Алдымен Жетісай қаласында тұрып, кейіннен Шымкентке, Шұбарсу ауылына қоныс аудардым. Ауылдағы орта мектептен түлеп ұшып, қазір арман қала Алматыда өзіңізге сұхбат беріп отырмын (жымиып). Өнерім нағашыларымнан дарыған екен. Анамның да «Әу» дейтіні бар. Домбырамен ән салғанда дауысына талай жұрт таңданатын. Қазірге дейін солай. Абай атындағы ҚазҰПУ-ға оқуға түспей тұрып, музыкамен кәсіби түрде айналысқан емеспін. Өткен жолы әлеуметтік желіге жүктелген видеомның астына көпті көрген бір апамыз «табиғатынан өнер адамына тән дауыс иесі» деп пікір қалдырыпты. Айтса, айтқандай-ақ, тұма талант шығармын (күліп). Сізге бір қызық айтайын. Кішкентай кезімде өте жылауық болыппын. Анашым мені барынша жылатпауға тырысса да, бақырып жылай беретін көрінемін. Ал, дауысым тым ащы екен. Мезгілсіз, ағыл-тегіл жылағанымнан көршілер келіп, «мына балаға сүт берсеңдерші», -деп айтатын көрінеді. Қазір ер жетіп, жігіт болып, әлеуметтік желіде кішкене таныла бастағаныммен, оларға әлі сол Ильяспын. Ернар Айдар әнші ағамыздың «Жарай ма?» әнін айтып, сол кісіге еліктеп өстік. Мектеп кезінде «ән айтқым келеді» десем, маған ешкім сенбейтін. Барлығы «ұялып қалмайсың ба», «көпшіліктің алдында өзінді ұстай аласың ба?», - деп бетімді қайтаруға тырысатын. Осы күнгі жетістігім – алған бетімнен қайтпайтын қайсарлығымнан болса керек.

–Ер жігітке жеті өнер де аз дейді. Ән айтып, гитарада ойнайсың. Біліміңше, поэзия оқитын өнерің де бар екен. Біз білмейтін тағы қандай қырларың бар?

–Дұрыс айтасыз. Қазақтың әр жігіті сегіз қырлы, бір сырлы ғой. Қанша талантың, дарының мен қасиетің болса да бір сырлы, өзгермес мінезді, сынбас қайсарлық керек ер адамға. Мен өзімді осылай тәрбиелеймін. Ән айтып, елімнің еркесі болуды мақсат тұтқаныммен, азаматқа тән тектілікті бойыма сіңіруге тырысамын. Ән арқылы танымалдығым әртс да, мен үшін университеттегі оқуым алдыңғы орында. Ал, сабақтан қолым босай қалса кітап оқығанды ұнатамын. Ауылға барсам атқа мініп, кең далада Сәйгүліктің

бар шабысымен қанаттанып қайтамын. Достармен ұлттық ойын асық ойнап, доп тебетінім бар. Кейде күресеміз. Бильярдты жақсы ойнамасам да, қызығушылықпен барымды салып қараймын. Соңғы кездері сөз өнері, шешендік өнер сабақтарына назарым ауып жүр. Жалпы, бос отырғанды ұнатпайтын қасиетім бар.

–Қазір Абай атындағы ҚазҰПУ студентсің. Оқу үлгерімің қалай? Танымалдық сабаққа кері әсерін тигізіп жатқан жоқ па?

–Ия, маған таңдау берілгенде дәл осы оқу орнын таңдағаным еш өкінбеймін. Бүгінде жалпы «Музыкалық білім беру» мамандығында 3курс студентімін. Абай университеті өсіп, дамып, бүгінгі Ильясты қалыптастыруға

үлесін қосқан бірден-бір себепкер оқу ордам. Өте білімді, жан-жақты, өнерде ғана емес, өмірде де жол сілтеп отыратын ұстаздарыма мың мәрте алғыс айтамын. Бәрі жақсы, жоғарыда айтқанымдай, менің сабағым – мен үшін бірінші орында. Білім алуға көп көңіл бөлемін. Оқу мен үшін бәрінен маңызды. Менің ән айтып салған видеоларым көп қаралым жинаған соң, қайда оқитыным туралы сұрақтар жемеме өте көп келді. Кәбісі Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының түлегі екен деп ойлапты. Осындай пікірлерден кейін, өзім оқитын ЖОО туралы көбірек айтатын болдым. Әлеуметтік желіге Абай университетін белгілеп саламын, ҚазҰПУ деп жазып қоямын. Менің тұлға болып қалыптасуыма себепкер болған оқу орныма деген алғысымды осылай білдіргім келеді.

–Әлеуметтік желіге видео жүктегендегі негізгі мақсатың осы, көпшілік көзіне айналу болды ма? Жоқ, ойда жоқта түсірген бір видео сен ойламаған бақты алып келді ме? Жалпы, танымалдылық өміріңе айтарлықтай өзгерістер енгізді ме?

–Әрине, қаралым көп болған сайын ерекше шабытым ашылды. Себебі, мен бұрын ойламаған оқиғалар өміріме ене бастады. Аға буын өкілдері сыйлап, құрметтеп шақыратын болды. Олай дейтінім, бұрын сөйлесу, пікір алмасу, ақылын тыңдау арман болған көптеген ел алдында жүрген азаматтармен жақынырақ танысып, сыйласа бастады. Қазір инстаграмда 205мың, ТикТок желісінде 376мың оқырғаным бар. Әлеуметтік желідегі ең көп қаралым жинаған видеом 85миллионға жетті. Көптеген телеарналардан шақырту алып, сұхбат бердім. Тікелей эфирде ән айтып, балалық арнаымды орындадым. Барлығы еңбектің жемісі деп білемін. Қазір осы оқырмандарымды одан әрі қызықтырып, түрлі әндерге кәвер жазу үстіндемін. Көтеріменнің қасиеті маған шабыт сыйлайды.

–Кәвер демекші, өзінің ән жазатын өнерің бар ма, әлде кәвер ғана орындайсың ба?

–Өзім де жазамын. Концерттерге шақыртулар көбінесе осы, авторлық әніме келеді. «D.Y.L.M?» деп аталатын әннің авторы өзім, сөзін Нұрсұлтан, Елдар дейтін достарым жазған. Ән ағылшын тілі мен қазақ тілінде аралас айтылатындықтан, «DYLM» деген атауды дұрыс көрдік. Әнді тек қазақ тілінде шырқамаймын. Өйткені, мені алыс жақын шетелдерден – Орта, Кіші Азиядан, Индонезия, Сауд Арабия, Түркиядан адамдар қарайды.

–Танымалдықтан ақша табасың ба?

–Ия, жарнамадан, тойдан, концерттерден азды-көпті пайда таба бастадым.

–Балашақ жоспарларыңмен бөліссең?

–Балашаққа жоспарлар өте көп, авторлық әндерімді шығарғым келеді. Алматыда акустикалық кеш ұйымдастырмақшымын. Үлкен саханаға шығу да ойда бар.

–Сұхбатыңа рақмет! Шығармашылық табыстар тілеймін.



Сұхбаттасқан Мөлдір РӘСІЛ

ЖАС ҒАЛЫМ ГЕОГРАФИЯ МҰҒАЛІМДЕРІН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫ ҰСЫНДЫ



дамуды қамтамасыз ету үшін педагог кадрлардың басқа да оқу орындарымен байланыс орнатыл-біліктілігін арттыруды және қайта бағдарлауды қамтамасыз ете отырып, білім беру үдерісінің базасында география мұғалімдеріне оқу үрдісіне сапасын жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік барлық 17 ТДМ мазмұнының негіздерін енгізу бағытында өз мамандығы бойынша жұмыс істеу

Нұржанат Шакированың айтуынша, білім беру үшін қажетті дағдыларды игеруге көмектесуге арқылы жастарды адамгершілік құндылықтарға арналған «Географиялық білім берудегі тұрақты баулуға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбие- даму мақсаттары» тақырыбында гибриділеу, тұрақты болашақты қамтамасыз ету үшін форматтағы бес күндік республикалық семинар-қажетті мінез-құлық пен өмір салтын қалыптас- тренинг ұйымдастырылды. Семинар-тренингті тыруға болады. Тұрақты дамуға арналған білім - сәтті аяқтағаны үшін 100-ден астам адам бұл ұзақ мерзімді болашақты қамтамасыз ету сертификат алды.

үшін шешім қабылдауды үйрену процесі. Жобаны іске асыру нәтижесінде география пәні мұғалімдерін дайындау және қайта даярлауда ТДМ-ны іске асыру әдістемесі әзірленетін болады; ТД үшін

Қоғаммен байланыс департаменті

Бұлақ көрсең көзін аш

Газетіміздің өткен сандарының бірінде ордалы оқу орнымыздың Математика, физика және информатика институтының білім алушыларына «Абайтану» пәнінен дәріс беретін аға оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Дәурен Мұхамәдиевтің аталған институт жанынан «Хәкім Абай тағылымы» атты әдеби-шығармашылық үйірме ашып, оған шығармашылыққа жақын дарынды студенттерді тартып, жұмыс істеп жатқанын атап өткен едік. Жетекшінің алғысөзімен үйірме мүшелерінің өлеңдері де газетіміздің бетінде жариялаған болатын.

«Хәкім Абай тағылымы» атты әдеби-шығармашылық үйірме құрамы жыл сайын таланттармен толығып, қанатын кеңге жайып келе жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген аталы тәмсілге сай, Д.Мұхамәдиев үйірме мүшелеріне бағыт-бағдар беріп, сөз өнерінің қыр-сырына баулып келе жатқан тағылымгер.

Газетіміздің бұл санында аталған үйірме мүшелерінің ардақты аналар күніне, өз-Наурыз мерекесіне арналған жүрекжарды туындыларын ұсынып отырмыз.

Б. ЖҰМЫНҰЛЫ

Тербеткен әлем бесігін...

Тербеткен әлем бесігін,
Өнеге болған есімің.
Адамның абзал ұрпағы,
Ардақта ана есімін!

Тигізбей жанға кесірін,
Адалдан еткен несібін.
Шуағын шашқан әр үйге,
Аналар – ғазиз есімің!

Келгенде шаршап жырақтан,
Нәр алам мөлдір бұлақтан.
Алдымнан шықса жүгіріп,
Арайлап атар шуақ таң.

Тұнығындай боп Есілдің,
Мейірімге бөлеп өсірдің.
Қадіріңді білмей кеш қалсам,
Кешіргін, ана, кешіргін!

Дәурен Мұхамәдиев,
үйірме жетекшісі, ф.ғ.к.

Елдің көркі – арулар

Әлмисақтан аруларсыз ел жетім,
Арулар ғой әсемдеген жер бетін.
Қыз балаға ұнау үшін жігіттер,
Түзейді екен ойы менен келбетін.

Олда сені, сенде оны түзедің,
Қыз сыйласын «ермін» десе кім өзін.
Қыз жүрегін жылытам деп жігіттер,
Түзейді екен болмысы мен мінезін.

Шын нәзікқой, арулардың аты тым,
Жинап алған дүниенің бақытын.
Еразамат “Қыз бақытты болсын” - деп,
Арнайды екен бар өмірін, уақытын.

Сол арулар тыңдар өкпе, назыңды,
Олар тарих қой өткенің мен қазіргі.
Менмін деген жігіттердің тағдыры,
Бір арудың жанарында жазулы.

Айгерім Мереке,
1-курс студенті

Өз-Наурыз

Өз наурыз жылдың басы елімнің,
Жаңа көктер, көкпен бірге сенімім.
Молшылықта, кеңшілікте басталған,
Белгісіндей Наурыз көктем лебізін.

Көктеп ғалам, наурызбенен жаңарып,
Тірішілікте өз-Наурыздан нәр алып.
Құтты наурыз, бәріне жан бітірді,
Жатыр бәрі көктемменен оянып.

Наурыз тарих, баба жолы - бұл анық,
Бұл жананың мейірінен сыр алып.
Жеті түрлі дәмнің басын қосқанда,
Қуат алған бабаларым дүр алып.

Нарыз тойы күннің жарық нұрындай,
Ізгі тілек өз-Наурыздың жырындай.
Ұлыс күні берекесі халқымның,
Жалғасатын мәңгілікке жырымдай.

Қажыхан Тасқынбек,
2-курс студенті

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

ФИ: 13 наурызда Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бас оқу ғимаратында «Талапкер-2024» іс-шарасы аясында Алматы қаласы мен Алматы облысы мектептерінің түлектері үшін ашық есік күні өтті. Болашақ талапкерлермен кездесуге Кәсіби бағдар беру орталығының жетекшісі Н. Әуесбекұлының жетекшілігімен Филология институты қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушылары Молдасанов Е., Қасен Е., Жүнісова М., Алибаева М., Нұрғали С. және «Шаңырақ» студенттік деканат мүшелері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абдықалықов Арман белсенді қатысты. Олар еліміздің жетекші педагогикалық жоғары оқу орны туралы айтып, Филология институтының білім беру бағдарламаларын, әлеуметтік жеңілдіктер және халықаралық байланыстар туралы ақпарат берді.



ЖГИ: «Талапкер-2024» іс-шарасы аясында дәл осындай ашық есік күні 19 наурызда Жаратылыстану және география институтының ұйымдастыруымен өтті. Бітіруші түлектерді болашаққа деген маңызды жоспарлары бар заманауи, қарқынды дамушы жоғары оқу орны саналатын, білікті мамандар даярлайтын Абай университетінің тыныс-тіршілігімен таныстыруды көздеген іс-шараның негізгі мақсаты - өзінің білім беру бағдарламаларын оқушыларға таныстыру. Институттың тәрбие жөніндегі орынбасары С. Бакиров және оқытушылары - Д. Құлжанова, Қ. Омаров, М. Райымқұлова және Ж. Бектас болашақ студенттермен жұмыс жүргізе отырып, оқуға түсудің ережелерімен, университет тарапынан берілетін мүмкіншіліктерін айтып, түсіндірді.

ТҚИ: Алматы қаласы мен Алматы облысы мектептерінің түлектері үшін дәл осындай іс-шара 26 наурызда Тарих және құқық институтының ұйымдастыруымен өтті. Болашақ талапкерлермен кездесуге Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының оқытушылары Н. Орынбеков және Т. Даулбаев қатысып, Абай университетінің білім беру үдерісімен, әл-ауқатымен таныстырды. Іс-шара барысында Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының оқытушылары мектеп түлектеріне кафедра мамандықтары жайлы айтып, жоғары оқу орнына түсудің ережелеріне тоқталды. Өз кезегінде талапкерлер мамандыққа қатысты көкейіндегі сұрақтарын қойып, толық ақпарат алды.

Ақерке Ысқақ

ӘЗЛ
-Министр мырза, біздің елде денсаулық сақтаудың көрсеткішін қалай көтеруге болады?
-Оны көтерудің түк те қиындығы жоқ. Медицина түтты бітірушілер алғашқы үш жылды өзін оқытқан профессорларды емдеуді міндеттеу керек. Болды!

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ!

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚТАН

Қазақстан Республикасының чемпионаты

20-30 наурыз аралығында Өскемен қаласында жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионаты өтіп, тоғызқумалақтан жекелей сынға Абай атындағы ҚазҰПУ құрама командасы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. "Рapid" бойынша ФКС, 2 курс студенті Дакен Ельдар ел чемпионы атанды, "Классика" бойынша ФКС, 1 курс студенті Жанабилев Ердаулет екінші орынға көтерілсе, ФКС, 4 курс студенті Қуатова Аружан үшінші орынды қанағат тұтты. ал "Рapid" бойынша қола медаль ФКС 2 курс студенті Тұрсынәлі Ақеркеге тиесілі болды. Тоғызқумалақтан Абай атындағы ҚазҰПУ құрамасының жаттықтырушысы - М.М.Иралина.



Тәжібаев оқулары

ӨМІР МЕН ӨНЕГЕ

Алматыдағы Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, драматург, әдебиеттанушы Әбділда Тәжібаевтың 115 жылдығына орай «Өмір және поэзия» атты әдеби кеш болып өтті. Кешке белгілі ақын, бүкілтуркі дүниесі ақындары фестивалінің жеңімпазы Болат Шарахымбай арнайы қонақ болып қатысты.



Қадірлі қонақ Сыр өңірінде дүниеге келіп, өткен ғасырдың 30-50 жылдары елімізде әдебиет ісін ұйымдастырушы қайраткерлерінің біріне айналған ақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, кейіннен 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып қызмет істеген Әбділда Тәжібаевтың шығармашылық қайраткерлік қырларына тоқталып, оның қиын да күрделі тағдыры жайлы әңгімелеп берді. «Әбділда Тәжібаев – поэзияда үлкен із қалдырған, лирика мен поэма жанрын қатар дамытқан қазақтың классик ақыны. Оның қаламынан «Абыл», «Оркестр», «Сырдария» сияқты 30-дан астам поэма тұған және оның лирикалары шыншылдығымен ерекшеленеді», – деді Болат Шарахымбай.

Әдеби іс-шараға Абай университеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің студенттері мен №40, 69, 143 және Талғар қаласының оқушылары қатысып, Ә.Тәжібаевтың өлеңдерін оқыды, ақын сөзіне шығарылған әндер орындалды.

Айбын АХМАДИЕВ